

## Ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 7-1/1130 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 802 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 желтоқсанда № 12636 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.02.2023 № 62 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.02.2023 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

### 1. Мыналар:

- 1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;
- 2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ірі қара малдарды (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;
- 3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес ұсақ малдарды (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;
- 4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес құстарды (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;
- 5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес шошқаларды (1000 шартты бастан бастап және одан жоғары) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;
- 6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын (1000 шартты бастан аз) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;
- 7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес балық және балық өнімдерін дайындауды және өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

8) осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сарапаны жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларына қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

9) осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес етті, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

10) осы бірлескен бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес жануарларды союды жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

11) осы бірлескен бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес азықты және азықтық қоспаларды өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

12) осы бірлескен бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

13) осы бірлескен бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес сүтті өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

14) осы бірлескен бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

15) осы бірлескен бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес бал және балара шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;;

16) осы бірлескен бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес ветеринариялық емдеу-профилактикалық қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

17) осы бірлескен бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты сақтауды жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

18) осы бірлескен бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес жануарларды ғылыми мақсаттарда күтіп-бағу мен өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

19) осы бірлескен бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес азықты және азықтық қоспаларды сақтау мен өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

20) осы бірлескен бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес зообақтарға, зоодүкендерге және цирктерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

21) осы бірлескен бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес дезинфекция, дезинсекция, дератизация, дегельминтизация жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты тексеру парақтары;

22) осы бірлескен бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес ветеринариялық мақсаттар үшін дәрілік заттарды, биологиялық препараттарды, ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды өткізуді жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

23) осы бірлескен бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес жануарларға арналған парфюмерия немесе косметика құралдары ретінде пайдаланылатын ветеринариялық препараттарды өндіруді жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

24) осы бірлескен бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес ветеринариялық анықтаманы беруді жүзеге асыратын жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлеріне қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

25) осы бірлескен бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес ветеринариялық емдеу-профилактикалық қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

26) осы бірлескен бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес дезинфекция, дезинсекция, дератизация, дегельминтизация жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

27) осы бірлескен бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес ветеринариялық мақсаттарға арналған дәрілік заттарды, биологиялық препараттарды, ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды өткізу қызметін жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

28) осы бірлескен бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес жануарларға арналған парфюмерия немесе косметика құралдары ретінде пайдаланылатын ветеринариялық препараттарды өндіруді жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

29) осы бірлескен бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес ветеринариялық анықтама беруді жүзеге асыратын, жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлеріне қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

30) осы бірлескен бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларына қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

31) осы бірлескен бұйрыққа 31-қосымшаға сәйкес ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

32) осы бірлескен бұйрыққа 32-қосымшаға сәйкес ірі қара малды өсіру (1000 және одан жоғары шартты бастан бастап) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

33) осы бірлескен бұйрыққа 33-қосымшаға сәйкес ұсақ малды өсіру (1000 және одан жоғары шартты бастан бастап) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

34) осы бірлескен бұйрыққа 34-қосымшаға сәйкес құстарды өсіру (1000 және одан жоғары шартты бастан бастап) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

35) осы бірлескен бұйрыққа 35-қосымшаға сәйкес шошқаларды өсіру (1000 және одан жоғары шартты бастан бастап) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

36) осы бірлескен бұйрыққа 36-қосымшаға сәйкес балық және балық өнімдерін дайындауды және өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

37) осы бірлескен бұйрыққа 37-қосымшаға сәйкес етті, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

38) осы бірлескен бұйрыққа 38-қосымшаға сәйкес жануарларды союды жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

39) осы бірлескен бұйрыққа 39-қосымшаға сәйкес азықты және азықтық қоспаларды өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

40) осы бірлескен бұйрыққа 40-қосымшаға сәйкес сүтті өңдеуді жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

41) осы бірлескен бұйрыққа 41-қосымшаға сәйкес бал және балара шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

42) осы бірлескен бұйрыққа 42-қосымшаға сәйкес жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты сақтауды жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы;

43) осы бірлескен бұйрыққа 43-қосымшаға сәйкес азықты және азықтық қоспаларды сақтау мен өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы";

44) осы бірлескен бұйрыққа 44-қосымшаға сәйкес ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қатысты ветеринария саласындағы тексеру парағы.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.02.2023 № 62 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.02.2023 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 08.06.2023 № 221 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.06.2023 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтармен.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. "Ветеринария бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парақтарының нысандарын және тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 30 маусымдағы № 18-02/366 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 2 тамыздағы № 228 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7152 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2011 жылғы 14 қыркүйектегі № 433-435 (26828), 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 438-439 (26832) сандарында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
\_\_\_\_\_ А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
\_\_\_\_\_ Е. Досаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы Бас

прокуратурасының Құқықтық  
статистика және арнайы есепке  
алу жөніндегі комитетінің төрағасы

\_\_\_\_\_ С. Айтпаева

2015 жылғы 28 желтоқсан

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2015 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 7-1/1130 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 28 желтоқсандағы  
№ 802 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

## **Ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 08.06.2023 № 221 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.06.2023 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ветеринария саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына және "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес, ветеринария саласындағы бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежесіне жатқызу және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген лицензиялар бойынша біліктілік талаптарына, жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға және берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру (бұдан әрі – талаптарға сәйкестігін тексеру) және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық

бақылау жүргізу кезінде бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

2) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

3) бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын объектілерді пайдаланатын, оның ішінде жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, азықты және азықтық қоспаларды өндірумен, дайындаумен (союмен), сақтаумен, пайдаланумен, өңдеумен және өткізумен байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар, ветеринариялық анықтаманы беруді жүзеге асыратын, жануарлардың және жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлері;

4) болмашы бұзушылық – Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген, жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты орналастыруға, жасақтауға, орнын ауыстыруға қойылатын талаптарды бұзу, сондай-ақ өрескел және елеулі бұзушылықтарға жатқызылмаған бұзушылықтар;

5) елеулі бұзушылық – жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, азықты және азықтық қоспаларды сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда үй-жайлардың болуына; мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін түсіруге (қабылдауға), өндіруге (дайындауға), сақтауға, өткізуге, кәдеге жаратуға, жоюға; ветеринариялық іс-шараларды жүргізуге; ветеринария саласындағы функцияның орындалуына; ветеринариялық есепке алу мен есептіліктің, ветеринариялық құжаттарды есепке алудың мерзімдерін бұзуға және берудің толықтығына қойылатын Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу;

6) өрескел бұзушылық – "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген әкімшілік жауапкершілікке алып келетін Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу, жануарлар мен адамдардың улануына алып келетін

ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтамау, сондай-ақ материалдық-техникалық жарактандыруға, сынамаларды іріктеуге қойылатын талаптарды сақтамау, ветеринариялық есепке алуды және есептілікті жүргізбеу, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізбеу, шағымдар мен өтініштердің болуы, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринария саласындағы талаптарын бұзу;

7) тәуекел – бақылау және қадағалау субъектісінің қызметі нәтижесінде адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттік мүліктік мүдделеріне оның салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып, зиян келтіру ықтималдығы;

8) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау және қадағалау субъектілерін тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштер жиынтығы;

9) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланысты емес бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

10) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау және қадағалау субъектінің (объектінің) қызмет нәтижелеріне байланысты бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

11) тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге және (немесе) осындай бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босатуға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау процесі;

12) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылаудың нақты саласында бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

## **2-тарау. Бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарға сәйкестігін тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі**

3. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) талаптарға сәйкестігін тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар бойынша бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты талаптарға сәйкестігін тексеру, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты талаптарға сәйкестігін тексеру, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және қадағалау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

4. Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел көрсеткіштері бойынша бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) мыналарға:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ды қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

5. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолға немесе жүйелілігіне, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежелеріне сәйкес келеді.

Ветеринария саласындағы бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қойылатын талаптардың бұзушылық дәрежесі осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттары айқындау арқылы қалыптастырылады.

### **1-параграф. Объективті өлшемшарттар**

6. Бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қойылатын ветеринария саласындағы объективті өлшемшарттарды айқындау адамның өмірі немесе денсаулығы, қоршаған орта, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделері үшін қолайсыз оқиғаның туындау мүмкіндігі бойынша тәуекелді айқындау арқылы жүзеге асырылады.

7. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі жоғары бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) мыналар жатады:

1) ірі қара малды өсіру (1000 және одан жоғары шартты бастан бастап) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер;

2) ұсақ малды өсіру (1000 және одан жоғары шартты бастан бастап) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер;

3) құстарды өсіру (1000 және одан жоғары шартты бастан бастап) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер;

4) шошқаларды өсіру (1000 және одан жоғары шартты бастан бастап) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын (1000 шартты бастан аз) өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер;

6) балық және балық өнімдерін дайындау мен өңдеуді жүзеге асыратын субъектілер;

7) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханалары;

8) етті, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өңдеуді жүзеге асыратын субъектілер;

9) жануарларды союды жүзеге асыратын субъектілер;

10) сүтті өңдеуді жүзеге асыратын субъектілер;

11) ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер.

8. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі орташа бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) мыналар жатады:

1) азықты және азықтық қоспаларды өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар;

3) бал және балара шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер.

9. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі төмен бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) мыналар жатады:

1) ветеринариялық емдеу-профилактикалық қызметті жүзеге асыратын субъектілер;

2) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты сақтауды жүзеге асыратын субъектілер;

3) ғылыми мақсаттарда жануарларды күтіп-бағу мен өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер;

4) азықты және азықтық қоспаларды сақтау мен өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер;

5) зоопарктер, цирктер, зоодүкендер;

6) дезинфекция, дезинсекция, дератизация және дегельминтизация жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер;

7) ветеринариялық мақсаттар үшін дәрілік заттарды, биологиялық препараттарды, ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды өткізуді жүзеге асыратын субъектілер;

8) жануарларға арналған парфюмерия немесе косметика құралы ретінде пайдаланылатын ветеринариялық препараттарды өндіруді жүзеге асыратын субъектілер;

9) ветеринариялық анықтаманы беруді жүзеге асыратын жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлері.

## **2-параграф. Субъективті өлшемшарттар**

10. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) дерекқорларды қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

11. Дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік және мәліметтер мониторингі нәтижелері;

2) алдыңғы тексерулер және бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижелері;

3) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері;

4) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар).

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау және қадағалау субъектілеріне қатысты алдыңғы тексерулердің нәтижелері;

2) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері.

12. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде талдауға және бағалауға жататын субъективті өлшемшарттар бойынша деректер қалыптастырылады.

Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау ең жоғары тәуекелі бар бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісінің) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуді және профилактикалық бақылау шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте талдау және бағалау кезінде нақты бақылау және қадағалау нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабының 1-тармағына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы бара отырып жүргізілген профилактикалық бақылаудың және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау және қадағалау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне графиктер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде оларды енгізуге жол берілмейді.

13. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдылығына және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығына қарай осы Өлшемшарттардың 3-тарауында айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші шәкіл бойынша 0-ден 100 балға дейін есептеледі.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринария саласындағы субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес белгіленеді.

### **3-параграф. Тәуекелдерді басқару**

14. Адал бақылау және қадағалау субъектілерін көтермелеу және бұзушыларға бақылау мен қадағалауды шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізуден және (немесе) субъективті өлшемшарттарды қолдану арқылы осы Өлшемшарттардың 22 және 23-тармақтарында айқындалатын кезеңге талаптарға сәйкестігін тексеруден босатылады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

15-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 130 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 17.04.2026 № 27 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

15. Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Өлшемшарттарда бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылаудан немесе талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуден босату айқындалған жағдайда бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) субъективті өлшемшарттар бойынша ақпараттық жүйені қолдана отырып бақылау және қадағалау субъектілерінің ветеринария саласындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне ауыстырылады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

16-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.04.2026 № 130 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 17.04.2026 № 27 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

16. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу графиктерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқау қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүзеге асырылатын бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) санының ең төменгі жол берілетін шегі ветеринария саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауы тиіс.

### 3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі

17. Осы Өлшемшарттардың 3 және 4-тармақтарына сәйкес бақылау субъектісін өлшемшарттардың тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Мемлекеттік орган осы Өлшемшарттардың 11-тармағына сәйкес көздерден субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат жинайды және дерекқор қалыптастырады.

18. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау және қадағалау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін және осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар (SC) бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қосу жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$$R_{\text{арал}} = SP + SC,$$

мұнда:

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Өлшемшарттардың осы 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есептеу ветеринария саласындағы бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың бір саласының бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

19. Алдыңғы тексерулер мен бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі балмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 11-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау және қадағалау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7$$

мұнда:

$SP_3$  – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$SP_1$  – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$  – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3$$

мұнда:

$SP_H$  – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

$SP_1$  – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$  – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіші ( $SP$ ) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және елеулі және болмашы бұзушылықтар көрсеткіштерін қосу арқылы мынадай формула бойынша анықталады:

$$SP = SP_3 + SP_H$$

мұнда:

$SP$  – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

$SP_3$  – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

$SP_H$  – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

20. Осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

$x_i$  - субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

$w_i$  - субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы  $x_i$

$n$  – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есептеуіне енгізіледі.

21. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}}$$

R – бақылау және қадағалау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R<sub>max</sub> – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

R<sub>min</sub> – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

R<sub>арал</sub> – осы Өлшемшарттардың 18-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

### **3-1-тарау. Ветеринария саласындағы жедел ден қою шаралары**

**Ескерту. 3-1-тараумен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 28.06.2024 № 233 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 29.06.2024 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

"21-1. Осы өлшемшарттар шеңберінде қолданылатын жедел ден қою шараларына мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын актілерге сәйкес келмейтін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу;

2) ветеринария саласындағы рұқсат беру құжатының қолданысын тоқтата тұру;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру

21-2. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын актілерге сәйкес келмейтін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу түрінде жедел ден қою шараларын қолдануға:

- 1) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаның 7-тармағында көрсетілген талапты;
- 2) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаның 7-тармағында көрсетілген талапты;
- 3) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаның 4-тармағында көрсетілген талапты;
- 4) осы бірлескен бұйрыққа 15-қосымшаның 2-тармағында көрсетілген талапты бұзу негіз болып табылады.

21-3. Алты ай мерзімге ветеринария саласындағы рұқсат беру құжатының қолданысын тоқтата тұру түрінде жедел ден қою шараларын қолдану үшін:

- 1) осы бірлескен бұйрыққа 30-қосымшаның 4 және 5-тармақтарында көрсетілген талаптарды;
- 2) осы бірлескен бұйрыққа 31-қосымшаның 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-тармақтарында көрсетілген талаптарды бұзу негіз болып табылады.

21-4. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу түрінде жедел ден қою шараларын қолдану үшін:

- 1) осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаның 1-тармағында көрсетілген талапты;
- 2) осы бірлескен бұйрыққа 11-қосымшаның 2 және 6-тармақтарында көрсетілген талаптарды;
- 3) осы бірлескен бұйрыққа 22-қосымшаның 4-тармағында көрсетілген талап;
- 4) осы бірлескен бұйрыққа 25-қосымшаның 5-тармағында көрсетілген талапты;
- 5) осы бірлескен бұйрыққа 26-қосымшаның 7-тармағында көрсетілген талапты;
- 6) осы бірлескен бұйрыққа 27-қосымшаның 5-тармағында көрсетілген талапты;
- 7) осы бірлескен бұйрыққа 28-қосымшаның 5-тармағында көрсетілген талапты;
- 8) осы бірлескен бұйрыққа 30-қосымшаның 2-тармағында көрсетілген талапты;
- 9) осы бірлескен бұйрыққа 31-қосымшаның 2-тармағында көрсетілген талапты бұзу негіз болып табылады.

21-5. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алты ай мерзімге қызметін немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру түрінде жедел ден қою шараларын қолдану үшін:

- 1) осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаның 3 және 5-тармақтарында көрсетілген талаптарды;
- 2) осы бірлескен бұйрыққа 14-қосымшаның 7-тармағында көрсетілген талапты бұзу негіз болып табылады.

#### **4-тарау. Қорытынды ережелер**

22. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізудің еселігі жылына кемінде бір рет болып айқындалады.

Тәуекелдің орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізудің еселігі кемінде екі жылда бір рет болып айқындалады.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің еселігі кемінде үш жылда бір рет болып айқындалады.

23. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің еселігі жүргізілетін субъективті өлшемшарттар бойынша алынған мәліметтерді талдау және бағалау нәтижелері бойынша, бірақ кемінде жылына екі рет болып айқындалады.

24. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабының 4-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

25. Талаптарға сәйкестігін тексеру реттеуші мемлекеттік орган Кодекстің 144-бабының 2-тармағына сәйкес бекітетін талаптарға сәйкестігін тексеру графигі негізінде жүргізіледі.

Ветеринария саласындағы  
тәуекел дәрежесін бағалау  
өлшемшарттарына 1-қосымша

### **Ветеринария саласындағы бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі**

№	Субъективті өлшемшарттар	Бұзу дәрежесі
1	2	3
1-тарау. Ірі қара мал өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер (1000 және одан да көп шартты бастардан)		
1.	Есепке алу нөмірінің болуы	Өрескел
2.	Ересек жануарларға арналған қораға және жануарлар жарамсыз деп шығарылғаннан кейін жаңа жануарларды қояр алдында әр кез дезинфекция жүргізу туралы актілердің болуы	Өрескел
3.	Ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды жазуға арналған журналдардың болуы	Елеулі
4.	Дератизация жүргізу туралы актілердің болуы	Елеулі

5.	Құтыруға қарсы уақтылы вакциналау және диагностика бойынша талаптарды сақтау, сондай-ақ қарауылдық және қызметік иттерге кезенді дегельминтизация жүргізу	Елеулі
6.	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді және ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарын қайта сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны және өткізілгені, жануарлардың қырылғандағы, бір уақытта бірнеше жануардың ауырғандығы туралы хабардар етуді қамтамасыз ету	Өрескел
7.	Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларының уақтылы вакциналануын және диагностикадан өтуін қамтамасыз ету	Өрескел
8.	Шаруашылыққа әкелінген жануарлардың әрбір партиясына ветеринариялық сертификаттардың немесе ветеринариялық анықтамалардың болуы	Өрескел
9.	Өндіріс объектісіне жануарлар келіп түскен кезде эпизоотологиялық зерттеп-қарау ( карантиндеу кезеңіндегі эпизоотияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар) актісінің болуы	Өрескел
10.	Мал басы келіп түскенде және бір жастық топтан екінші топқа әрбір технологиялық ауыстыру кезінде диспансерлеу жүйесін жүргізу	Елеулі
11.	Өндіріс объектісі аумағына бөгде адамдар мен жануарлардың кіруін болдырмайтын қоршаудың болуы	Өрескел

12.	<p>Өндіріс объектісінің аумағына (аумағынан) барлық кіреберістерде (шығаберістерде) автокөліктің жүріс бөлігін залалсыздандыруға арналған бүйір жақтары қабырғалармен жабылған, қалқамен жабдықталған дезинфекциялық тосқауылдардың болуы. Дезинфекциялық тосқауылдар жыл бойы жұмыстық жай-күйде ұсталады</p>	Өрескел
13.	<p>Өндіріс объектісі аумағын мынадай аймақтарға бөлудің болуы:</p> <p>1) (А аймағы) – негізгі табынды күтіп-ұстауға және өнім өндіруге арналған қора-жай, мал туғызатын бөлім, жаңа туылған төлдерге арналған профилакторий, төлдерді , мал басын толықтыратын табынды күтіп-бағуға арналған қора-жай, жануарларды қолдан ұрықтандыратын пункт, окшаулағыш және карантиндік бөлім (басқышы бар қаша, жануарларды ветеринариялық дауалауға арналған өткелек), азықтық қоспаларды дайындайтын азық цехы;</p> <p>2) (Б аймағы) – қызмет көрсетуші персоналға арналған санитариялық өткізу орны бар ветеринариялық-санитариялық блок;</p> <p>3) (В аймағы) – әкімшілік-шаруашылық;</p> <p>4) (Г аймағы) – азықты сақтау;</p> <p>5) (Д аймағы) – көнді сақтауға арналған оқшауланған орын</p>	Елеулі
14.	<p>Мал шаруашылығы қора-жайларының құрамында жануарларды күтіп-бағуға арналған мынадай объектілердің болуы:</p> <p>1) жануарларды (төлді және ересек мал басын) күтіп-бағуға арналған ғимараттар;</p> <p>2) қалқалары, оттықтары, суаратын астаулары, өткелектері, басқыштары мен таразысы бар жануарларды серуендетуді ұйымдастыруға арналған қашалар;</p>	Елеулі

	3) бір кіреберісі және шығаберісі бар, периметрі бойынша қоршалған және арық салынған көнді және сұйық көнді сақтауға арналған алаң	
15.	Карантиндік бөлімше және оқшаулағыш бірыңғай блокта орналасқанда, олардың арасында жұмысшылардың арнайы киіміне арналған шкафтар, қолжұғыш, дезинфекциялық ерітінділері бар сыйымдылықтар, аяккиімді дезинфекциялауға арналған дезинфекциялық төсеніш орналасқан тамбурдың болуы	Елеулі
16.	Жануарларды күтіп-бағуға арналған қора-жайлар мен қоршалған ашық қашалар көңнен тазартылуы тиіс	Елеулі
17.	Төлдерді бір кезеңде өсіретін қора-жайлармен біріктірілген карантиндік ғимараттың болуы	Елеулі
18.	Көң сақтайтын орынды өндірістік ғимараттардың кешен аумағы қоршауының сыртында кемінде 60 метр (бұдан әрі – м) қашықтықта орналастыру	Елеулі
19.	Әрбір мал шаруашылығы қора-жайының (базаның), азық дайындайтын цехтің, азыққа арналған қойманың, астық сақтайтын орынның және басқа да объектілердің терезелері, есіктері, желдету тесіктерінде жабайы құстардың ұшып кіруіне жол бермейтін торлы рамалардың болуы	Елеулі
20.	Оқшауланған секциялар мен қора-жайларда оңтайлы ауа алмасуды және жануарлар орналасқан барлық аймақ бойынша таза ауаның біркелкі таралуын қамтамасыз ететін желдету жүйесінің болуы	Елеулі
21.	Ауру жануарларды өндірістік үй-жайлардан мал сою пунктіне тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдарының болуы	Елеулі
22.	Жалпы шаруашылық оқшаулағышы болмаған жағдайда, жертөлесі және өзінің ішкі ауласына шығуға арналған	Елеулі

	құрылысы бар биіктігі кемінде 2 м тұтас дуалмен қоршалған окшаулағыштың болуы	
2-тарау. Ұсақ мал өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер (1000 және одан да көп шартты бастан басталатын)		
23.	Есепке алу нөмірінің болуы	Өрескел
24.	Ересек жануарларға арналған қораға және жануарлар жарамсыз деп шығарылғаннан кейін жаңа жануарларды қояр алдында әр кез дезинфекция жүргізу туралы актілердің болуы	Өрескел
25.	Ветеринариялық профилактикалық іс-шараларды жазуға арналған журналдардың болуы	Елеулі
26.	Дератизация жүргізгендігі туралы актілердің болуы	Елеулі
27.	Құтыруға қарсы уақтылы вакциналау және диагностика бойынша талаптарды сақтау, сондай-ақ қарауылдық және қызметік иттерге мерзімді дегельминтизация жүргізу	Елеулі
28.	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз ету және ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарды, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарын қайта сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны және өткізілгені, жануарлардың қырылғандағы, бір уақытта бірнеше жануардың ауырғандығы туралы хабардар ету	Өрескел
29.	Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларының уақтылы вакциналануын және диагностикадан өтуін қамтамасыз ету	Өрескел
	Шаруашылыққа әкелінген жануарлардың әрбір партиясына	

30.	ветеринариялық сертификаттардың немесе ветеринариялық анықтамалардың болуы	Өрескел
31.	Өндіріс объектісіне жануарлар келіп түскен кезде эпизоотологиялық зерттеп-қарау ( карантиндеу кезеңіндегі эпизоотияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар) актісінің болуы	Өрескел
32.	Өндіріс объектісі аумағына бөгде адамдар мен жануарлардың кіруін болдырмайтын қоршаудың болуы	Өрескел
